«Мәдениеттерді жақындастыру орталығы» мемлекеттік музейі» РМҚК

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселелері бойынша оқыту іс-шарасының

№ 2 ХАТТАМАСЫ

Алматы қ. **01.06. 2025 жыл**

Күн тәртібінде:

1) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы түсіндіру және таныстыру;
2) «Жемқорлық індет, жою міндет» атты директордың жалпы және ұйымдастыру сұрақтары жөніндегі орынбасары, комплаенс-офицердің міндетін атқарушы С.Ә. Әшімованың дайындаған бейне роликтің көрсетілімі, көрсетілімнен кейін қызметкерлер арасында талқылау.

Сөйлегендер:

Директордың жалпы және ұйымдастыру сұрақтары жөніндегі орынбасары, комплаенс-офицердің міндетін атқарушы С.Ә. Әшімова - Құрметті әріптестер, бүгін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселелері туралы және оқыту іс-шаралары таныстыру;

2) «Жемқорлық індет, жою міндет» бейне роликтің көрсетілімі

Жемқорлық - мемлекеттік міндеттерді орындайтын адамдар, сондай-ақ соларға теңелген адамдар, өздерінің лауазымды құзыреттерін және онымен байланысты мүмкіншілікті немесе өз құзыреттерін басқаша пайдаланып мүліктік пайда алу үшін заңмен қарастырылмаған мүліктік жайлылықты және артықшылықты қабылдау, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалармен аталмыш жайлылықты және артықшылықты оларға заңсыз беруге осы адамдарды парамен сатып алу".

Жемқорлық - мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет. Сыбайлас жемқорлықпен күресу бүгінгі күннің күрделі мәселесі болып отыр. Оған осы бастан тоқтау қоймаса

мемлекетте тұрақты өсіп-өркендеу болмайды. Сыбайлас жемқорлықпен түбегейлі күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының сапасын арттырудың маңызы зор.

Ғылыми хатшы - Байпакова Л.К. - «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылып келеді. Соның ішінде, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан кез-келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз керек.

Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес басты басымдықтарының бірі ретінде айқындалған ТМД елдері арасында бірінші Қазақстанды әзірледі және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» ҚР Заңын қабылдады, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, оның мақсаты сыбайлас жемқорлыққа байланысты туындайтын қатерлерден Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік, қоғамдық жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың, лауазымды және басқа да адамдардың тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету

Директордың жалпы және ұйымдастыру сұрақтары жөніндегі орынбасары, комплаенс-офицердің міндетін атқарушы С.Ә. Әшімова – Сонымен қатар осы өткен отырыс ұйымның ресми сайтындағы https://www.icrc.kz/site/anticor бөлімде орналастырылады.

Директордың ғылым және сыртқы байланыстар жөніндегі орынбасары И.Крупко - Сыбайлас жемқорлықтың өзі қоғамның ақауы болып табылады. Қоғамға, қоғамға, өскелең ұрпаққа сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың теріс салдарын түсіну маңызды.

Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастыру дамыған елдердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясының маңызды элементтерінің бірі болып саналады.

Кейбір ғалымдардың жүргізген әлеуметтік зерттеулерінің негізінде 31 проблеманың ішінде бірінші орында – инфляция, ал екінші орында – сыбайлас жемқорлық екені анықталды.

Қоғамның сыбайлас жемқорлық қылмыстарға және құқық бұзушылыққа немқұрайлылығы сыбайлас жемқорлықтың өзі сияқты зұлымдық болып табылады. Азаматтардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті, сыбайлас жемқорлыққа тұрақты иммунитеті болмаса, қалаулы нәтижеге қол жеткізу мүмкін емес. Біздің қоғамның әрбір толыққанды және дені сау мүшесі

сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – бүкіл қоғамның, әрбір азаматтың ісі екенін түсінуге тиіс.

Шешім қабылданды: Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының негізгі талаптары ұйымда барлық қызметкерлер орындауға жауапты. Барлық қызметкерлер Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының негізгі талаптарымен таныстырылды. «Мәдениеттерді жақындастыру орталығы» мемлекеттік музейі» РМҚК-дағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функциясы туралы ақпарат берілді.

Қатысқандар: Барлығы – 28 адам

Комлаенс-офицер **Әшімова С.Ә.**